

**«Аманат» жеке балабақшасы  
«Болашақ» мектепалды тобының ата-аналар  
жиналысының хаттамасы.**

**Хаттама №1**

Қатысқаны: 17

Қатыспағаны:4

**Күн тәртібінде:**

1. «Жаңа оқу жылы: бала бақыты мен дамуына бірге қадам» тақырыбындағы баяндама. Жаңа оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының міндеттерімен таныстыру.
2. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай даму бағыттары туралы ақпарат беру.
3. .Ата-аналар комитетін сайлау.

**Тыңдалды:**

Топ тәрбиешісі А.Боранбайқызы ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, жиналысты ашты.

Бірінші мәселе бойынша А.Боранбайқызы «Жаңа оқу жылы: бала бақыты мен дамуына бірге қадам» тақырыбында баяндама оқылды. Онда бала тәрбиесіндегі отбасы мен балабақша ынтымақтастығының маңызы, балалардың қауіпсіздігі мен психологиялық жайлылығын қамтамасыз ету жолдары айтылды.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші жаңа оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының негізгі бағыттарымен таныстырды. Балалардың танымдық, тілдік, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған іс-шаралар жоспары түсіндірілді.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес дамуын қолдау, күн тәртібін сақтау, дұрыс тамақтану және үй жағдайында білім беру қызметін жалғастыру жөнінде кеңестер берілді.

Ата-аналардың сұрақтары тыңдалып, пікір алмасу жүргізілді. Ұсыныстар қарастырылып, ата-ана комитеті болып Б.К Сейталиева сайланды. Алдағы уақытта бірлескен жұмыстарды ұйымдастыру мәселелері талқыланды.

**Қаулы:**

1. Балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында ата-аналар мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты күшейту. Балалардың күн тәртібін, қауіпсіздігін және тәрбиесін бірлесіп бақылау.

2. Балалардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған іс-шараларға ата-аналардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

3. Жаңа оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспары назарға алынсын.

Төрайымы :  А.Б.Пазыл

Хатшы :  Б.К Сейталиева

## **«Жаңа оқу жылы: бала бақыты мен дамуына бірге қадам»**

Құрметті ата-аналар!  
Сіздерді жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын! Бүгінгі жиналысымыздың тақырыбы – «Жаңа оқу жылы: бала бақыты мен дамуына бірге қадам». Бұл тақырыптың мәні зор, өйткені бала тәрбиесі мен оның жан-жақты дамуы – балабақша мен отбасының бірлескен еңбегінің нәтижесі. Баланың өміріндегі мектепке дейінгі кезең – оның тұлға болып қалыптасуының ең маңызды кезеңдерінің бірі. Осы уақытта бала қоршаған ортаны танып біледі, қарым-қатынас жасауға үйренеді, өз ойын жеткізеді, шығармашылық қабілеттерін дамытады. Сондықтан біз, тәрбиешілер мен ата-аналар, балаларымыздың бақытты әрі қауіпсіз ортада өсіп-жетілуіне бірге жауаптымыз.

Жаңа оқу жылында біздің негізгі мақсатымыз – әр баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың танымдық, тілдік, әлеуметтік және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Балабақшада ұйымдастырылатын оқу қызметтері, ойындар, мерекелік шаралар мен түрлі жобалар балалардың қызығушылығын арттырып, жаңа білім мен дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді.

Баланың табысты дамуы үшін ата-ананың қолдауы ерекше маңызды. Үйде баламен көбірек сөйлесу, кітап оқу, бірлескен ойындар ойнау, оның жетістіктерін мадақтау – баланың өзіне деген сенімін нығайтады. Сонымен қатар күн тәртібін сақтау, дұрыс тамақтану және жеткілікті демалу да баланың денсаулығы мен оқу әрекетіне оң әсер етеді. Қазіргі заманда балалардың ақпараттық ортада өсіп келе жатқанын ескерсек, олардың экран алдында өткізетін уақытын бақылау да маңызды. Баланың бос уақытын пайдалы әрекеттермен толықтырып, табиғат аясында серуендеуге, спортпен шұғылдануға және шығармашылық жұмыстармен айналысуға жағдай жасаған жөн. Құрметті ата-аналар! Біздің ортақ мақсатымыз – әр баланың өзін қауіпсіз, бақытты сезінуіне және толыққанды дамуына жағдай жасау. Ол үшін өзара түсіністік, сенім және тұрақты байланыс қажет. Балабақша мен отбасының ынтымақтастығы неғұрлым берік болса, баланың жетістігі де соғұрлым жоғары болады. Жаңа оқу жылында сіздермен бірлесе отырып, балаларымыздың жарқын болашағы үшін нәтижелі еңбек етеміз деп сенемін. Баршаңызға денсаулық, отбасыларыңызға амандық, ал бүлдіршіндерімізге қызықты да табысты оқу жылы тілеймін! Назарларыңызға рахмет!

## Ата-аналар жиналысының барысы





**«Аманат» жеке балабақшасы**  
**«Болашақ» мектепалды тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.**

**Хаттама №2**

Қатысқаны: 11

Қатыспағаны: 10

**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

1. Баяндама «Бір мақсат, бір тәрбие»
2. Балалардың даму жетістіктері
3. Ата-аналардың ұсыныстары мен сұрақтары.

**Тыңдалды:**

Топ тәрбиешісі П.А Боранбайқызы ата-аналарды «Тәтті шәй» тренингімен қарсы алып жиналысты бастады.

Бірінші мәселе бойынша «Бір мақсат, бір тәрбие» жөнінде баяндама оқылып, ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету жолдарын айтты.



Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі балалардың тілдік, әлеуметтік, шығармашылық және физикалық даму деңгейін баяндады.

Балалардың күнделікті тәртібі мен дағдыларын дамыту бойынша кеңестер берілді. Балалардың жыл бойы ұйымдастырылған іс-шараларын, ашық есік күндерін слайд, фото арқылы түсіндірді.

Үшінші мәселе бойынша ата-аналардың сұрақтары тыңдалып, мәселелер бойынша пікір алмасу өтті.

**Қаулы:**

1. Балалардың оқу және шығармашылық дағдыларын дамыту үшін ата-аналармен бірге үйде қосымша іс-шаралар ұйымдастырсын.
2. Баяндама оқылды.
3. Балабақша мен ата-ана арасында тұрақты байланыс орнату.

Төрайымы :  А.Б.Пазыл  
Хатшы :  Б.К Сейталиева

## «Бір мақсат, бір тәрбие»

Құрметті әріптестер, ата-аналар және қауым мүшелері!

Бүгінгі таңда қоғамның дамуы мен ел болашағы өскелең ұрпақтың тәрбиесіне тікелей байланысты. Сондықтан «Бір мақсат, бір тәрбие» қағидасы қазіргі білім беру мен тәрбие жұмысының маңызды бағыты болып табылады. Бұл ұстаным отбасы, мектеп және қоғамның бала тәрбиесіндегі ортақ жауапкершілігін білдіреді.


Тәрбие – тек білім берумен шектелмейтін, адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін күрделі үдеріс. Бала өмірдің алғашқы құндылықтарын отбасында меңгереді. Ата-ананың өнегесі, сөйлеген сөзі мен іс-әрекеті баланың дүниетанымына әсер етеді. Ал мектеп осы тәрбиені жалғастырып, оқушының азаматтық, адамгершілік және рухани қасиеттерін дамытады.

«Бір мақсат, бір тәрбие» дегеніміз – бала тәрбиесінде барлық тараптардың көзқарасы мен әрекетінің бір арнаға тоғысуы. Егер ата-ана, мұғалім және қоғам өкілдері бір мақсатты көздесе, тәрбиенің нәтижесі де жоғары болады. Керісінше, тәрбие талаптары әртүрлі болса, бала бойында түсінбеушілік пен жауапсыздық қалыптасуы мүмкін.

Қазіргі заманда жастарды ұлттық құндылықтарға құрметпен қарауға, еңбекқорлыққа, отансүйгіштікке, адалдық пен жауапкершілікке тәрбиелеу аса маңызды. Бұл бағыттағы жұмыстар отбасы мен білім беру ұйымдарының тығыз ынтымақтастығын қажет етеді. Ұлттық дәстүрлерді насихаттау, мәдени іс-шаралар өткізу, қоғамдық жұмыстарға қатыстыру арқылы жас ұрпақтың бойында ізгі қасиеттер қалыптасады.

Сонымен қатар, ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы тәрбие жұмысына жаңа талаптар қойып отыр. Балалардың интернет кеңістігіндегі қауіпсіздігіне көңіл бөліп, цифрлық мәдениетті қалыптастыру – ересектердің ортақ міндеті. Осы орайда ата-аналар мен педагогтердің бірлесе әрекет етуі ерекше маңызға ие.

Қорытындылай келе, ұлт болашағын тәрбиелі, білімді және жауапты азамат ретінде қалыптастыру үшін бәрімізге ортақ мақсат қажет. Сол мақсат – саналы, парасатты, отаншыл ұрпақ тәрбиелеу. «Бір мақсат, бір тәрбие» қағидасын ұстана отырып, біз қоғамымыздың жарқын болашағына сенімді қадам жасаймыз.



**«Аманат» жеке балабақшасы**  
**«Болашақ» мектепалды тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.**

**Хаттамасы №3**

Қатысқаны: 16

Қатыспағаны:5

**Күн тәртібінде:**

1. Бір жылдық оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы.
2. Балалардың жетістіктері мен даму нәтижелері.
3. Жазғы кезеңге және келесі оқу жылына арналған жоспарлар.
4. «Әр бала бір жұлдыз» балабақшамен қоштасу туралы талқылау

**Тыңдалды:**

Топ тәрбиешісі А.Боранбайқызы ата-аналарды «**Кедергі**» ойыны арқылы қарсы алып, оқу жылының қорытынды жиналысын ашты.

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші оқу жылы барысында атқарылған жұмыстарға тоқталып, балалардың білім беру салалары бойынша меңгерген дағдылары мен жетістіктерін таныстырды. Жыл бойы өткізілген мерекелік іс-шаралар, байқаулар, ашық оқу қызметтері мен тәрбиелік жұмыстар туралы ақпарат берілді.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеленушілердің танымдық, тілдік, шығармашылық, әлеуметтік және физикалық даму көрсеткіштері талданды. Балалардың жеткен жетістіктері, белсенділігі мен жеке қабілеттерінің дамуы атап өтілді. Ата-аналарға фотослайдтар мен балалардың шығармашылық жұмыстары көрсетілді.

Үшінші мәселе бойынша жазғы сауықтыру кезеңін тиімді ұйымдастыру, балалардың қауіпсіздігін сақтау және келесі оқу жылындағы жоспарланған жұмыстар туралы мәлімет берілді. Балалардың демалыс уақытын пайдалы өткізу жөнінде ұсыныстар айтылды.

Төртінші мәселе ата-аналарға балабақшамен қоштасу кешіне жоспарлар айтылып, ата-аналардың, сұрақтар мен ұсыныстары қарастырылды. Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту мәселелері талқыланды.

**Қаулы етті:**

1. Оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Балалардың жетістіктерін әрі қарай дамыту мақсатында ата-аналар мен педагогтердің бірлескен жұмысы жалғастырылсын.

3. Кезеңде балалардың денсаулығын нығайту және қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар назарға алынсын

4. Балабақшамен қоштасу кеші жоспарға сәйкес өткізілсін.(05.062026ж)

Төрайымы:

Хатшы:

*Пазыл*  
*Айтқұлова*

Пазыл А.Б

Айтқұлова Г.С

## Ата-аналар жиналыс барысы

<https://www.instagram.com/reel/DY3ju33M9Ov/?igsh=MWU0aWYxOGx0cXl3aQ==>

